



1. Пруденциялық нормативтер есептерінің және негізінде осы есептеулер жүргізілген қаржылық есеп берушіліктің (негізгі қаражаттың, материалдық емес активтердің, дебиторлық және кредиторлық қарыздардың түсіндірмесімен бірге бухгалтерлік баланс) Ұлттық комиссияға бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың ай сайын, ағымдағы айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, осы айдың бірінші күні жағдайы бойынша беретіндіктері белгіленсін.

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның және бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып), "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігін назарына жеткізсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

5. осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы